

**Атырау өлкесіндегі 10
археологиялық,
этнографиялық және
архитектуралық
ескерткіштер**

Жоспар

1. Аралтөбе қорғаны
2. Иманқара үңгірі
3. Алтын қорымы
4. Сарайшық
5. Құлшан ата жер асты мешіті (XVIII-XIX)
6. Успендік соборы
7. Мұнайшылар тұрғын үй кешені
8. Дүйсеке ата мешіті (XIX аяғы-XX басы)
9. Жұбан мазары
10. Махамбет Өтемісұлы кесенесі

Аралтөбе қорғаны

Орналасқан жері: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласынан шығысқа қарай 70 км.

Қысқаша анықтамасы: Ерте темір дәуірі ескерткіштерінің бірі-Аралтөбе қорғандар тобы Жылыой ауданының шығыс бетінде, (Жылыой ауданының Атырау қаласына дейінгі қашықтық- 230 км) Ақкиізтоғай ауылынан шығысқа қарай атақты Ақмешіттің оңтүстік-батысынан 6 км қашықтықта орналасқан.

Зерттелуі: Атырау өлкесінің археологиялық орындарын зерттеу, тұтас Батыс Қазақстан өңірінің археологиялық картасын жасақтау мақсатымен 1989 жылдан бастап Ә.Марғұлан атындағы археология институтының Батыс Қазақстан ғылыми экспедициясының жетекшісі З.Самашевтың басшылығымен жүйелі жұмыстар жүргізілген.



Иманқара үңгірі



Орналасқан жері: Иманқара тауының батыс сілемдерінің етегінде орналасқан ерте темір дәуірлік үңгір, Жылыой ауданы Құлсары қаласынан солтүстік-шығысқа 60 шақырым жерде орналасқан.

Зерттелуі: Үңгірдің биіктігі 2, ені 2,5 метр. Тереңдігі 25 метр. Тік төртбұрышты болып қазылған. 3 дәлізден және қосалқы қуыстардан тұрады. Үстіндегі жазықта 18 қорған орналасқан. 1989-1991 жылдары 6 обаға археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Б.э.д. 5-ғасырға жататын қабірлер ашылды. Оларда адам сүйектері жерленіп, қастарына қанжар, қола жебе, қола айна, шыны моншақ, қыш ыдыстар қойылған. Батыс Қазақстан археологиясының жетекшісі Зейнолла Самашевтің зерттеуінше, бұл қорғандарда сарматтар жерленген. Иманқара тауы ерте кезден қасиетті тау болып есептелген. Ерте темір дәуірінде, орта ғасырларда адамдар табынатын киелі жер болған. 1944 жылы бұл үңгірге неміс фашистерінің диверсиялық топтары жасырынған деген әңгімелер бар. Ол туралы Серік Шәкібаевтың «Үлкен Түркістанның күйреуі» деген кітабында баяндалған.

АЛТЫН ҚОРЫМЫ



Орналасқан жері: Атырау облысы Махамбет ауданы Ортақшыл ауылының шығысқа қарай 4 км жерде төбенің үстінде орналасқан.

Зерттелуі: 1988 - 89 жылы "Казреставрация" институтының экспедиция (жетекші С.Әжіғалиев) зерттеген.

Қысқаша анықтама: Қорымда 200-дей көзге түсетін дәстүрлі құрылыстар бар, олар зираттың орталық және батыс бөлігінде шоғырланған. Мазарлар осы өңірге көп тараған «үйтам» үлгісінде шикі кірпіштен салынған. Құрылысына ағаш бөренелер, жіңішке сырғауылдар, жуан тіреулер қолданылған. Күмбездің төбесі киіз үйдің шаңырағы сияқты ағашпен бекітілген.

Сарайшық қалашығы



Тарихы: Сарайшық қалашығы — қазіргі Атырау қаласынан солтүстік-батысқа қарай 50 шақырым жерде, Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан. Ортағасырлық Сарайшық қаласының құрылған жылы салдырған адам кім деген сұраққа жауап әлі күнге дейін толықтай жауабын тапқан жоқ. Бұл мәселе туралы ғалымдардың әр түрлі пікірлері бар. Әбілғазы Баһадүр ханның (XVII ғ) пікірінше қаланың негізін қалаған Бату хан. «Археологическая карта Казахстана» атты жинақта Сарайшық қаласының өмір сүрген дәуірі туралы жазылған. Яғни ол бойынша «Бірінші дәуір — XI-XII ғ моңғол үстемдігіне дейінге кезең, Екінші дәуір — XIII-XIV ғ Алтын Орда немесе Ақ Орданың кезеңі, Үшінші дәуір — XV — XVI ғ ноғайлық дәуір». Әрине бұл жоғарыда айтылған пікірлердің бірі ғана.





❑ **Зерттелуі:** Қала орнына алғашқы ғылыми қазба жұмысын 1937 жылы Арзютов зерттеген. Әлкей Марғұлан өзінің 1950 жылы жүргізген қазба жұмыстары нәтижесінде қала XII ғ салынған деген пікір айтады. **Әлкей Марғұланның** айтуы бойынша қалада қыш күйдіру, темір қорыту цехтары мен ұстаханалар, ақша жасау шеберханалары да болған. Католик миссионерлері **Плано Карпинин** мен **Вильгелм Рубруктың** жұмыстарында да айтылады. Сарайшық 14-ші ғасырлық Каталон картасында белгіленген. 1980 жылы бұл өңірде **Л.Л.Галкиннің** қатары жұмыс жасады. Сонымен қатар ресейлік және қазақстандық археологтар **В.В.Плахов** пен **А.Афанасьевтің** бірлескен экспедициясы жүрді. 1996 жылдан бастап ҚРҒА археология

Институтының археология жетекшісі Зейнолла Самашев көне қаланың аумағына қазба жүргізді.

❑ **Қазіргі жағдайы:** Сарайшық Қазақстан Республикасының «тарихи мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңына сәйкес күтіп сақтауды зерттеуді және туризм инфрақұрылымына енгізуді талап ететін объектілердің бірі.

Құлшан ата жер асты мешіті

Орналасқан жері: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласынан шығысқа қарай 67 км, Ақкиіз тоғай ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 10 км жерде орналасқан.

Зерттелуі: Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі және облыстық тарихи мәдени мұраны құрғау, пайдалану және қайта қалпына келтіру жөніндегі инспекциясының 2013 жылғы экспедиция мүшелері зерттеген.

Қысқаша анықтамасы: Құлшан ата қорымы биік төбенің батыс жағында орналасқан. Саман тасты сағанатамдар мен шағын сәулеттік пішіндегі құлпытастармен ерекшеленеді. Бір бейіт екі камералы боп келген, жобасында тік бұрышты, көлемі 4×7 м, саман тастан саз балшық ерітіндісімен қаланған. Тағы бір бейіт төртқұлақ типті, тік төрт бұрышты, қабырғаларының ұзындығы 3 м, оңтүстік-батыс жағында ауыз қуысы бар.



Успен соборы



Тарихы: Атырау қаласындағы (ол кезде Гурьев) Успен соборы Ф. Тудаков есімді көпес пен оның әйелінің қаражатына салынған. Құрылыс 10 жылға созылып, 1885 жылы пайдалануға берілген. Атырау қаласында орналасқан орыс православ шіркеуі. Тайманов пен Гагарин көшелерінің қиылысында орналасқан. Жары тастан қаланған. Мөлшері 4500 м/куб. Жалпы алаңы 230 шаршы м. Сыйымдылығы - 900 адам. Негізгі күмбезінің биіктігі 40 м. Ал басқа күмбездері – 10 м. Революциядан кейінгі жылдары собор кеңес үкіметімен жабылып қалды, бірақ соғыстан кейін қайта ашылып, бүкіл Кеңес Одағы бойынша алғаш ашылған 10.000 храмның бірі болды. 2000 жылға дейін Соборда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген жоқ. 2000 жылы облыс әкімі И.Н.Тасмағанбетовтың бұйрығымен Соборда түгелдей жөндеу жұмыстары жүргізілді.



Қазіргі күнде бұл
ескерткіш діни орын
ретінде ерекше
құрметтеліп Атырау
қаласында маңызды
архитектуралық
ғимараттардың бірі
ретінде мұнайлы
астананың әлеуетін
паш етіп тұр.



Мұнайшылар тұрғын үй кешені



«Мұнайшылар» тұрғын үй қалашығы 1943–1948 жылдары инженер полковник П. И. Романовский басшылығымен және А. В. Аревьев пен С. И. Васильковскийдің дайындаған жобасымен салынды. Жалпы көлемі 55 га. Осы жобасы үшін олар Сталин сыйлығымен марапатталды. Қалашықта бір және екі қабатты ғимараттар мен тұрғын үйлер бой түзеген. Алғашында 550 орындық клуб-театр, 280 адамға арналған жеті сыныптық мектеп және балабақша, аурухана, монша, наубайхана, жылу қазаны, су айдағыш мұнара, сауда-саттық тұрғын жай, жатақхана секілді мұнайшылардың тұрмыс-тіршілігіне қажетті орын жайлар тұрғызылған болатын. Аталған ғимараттар мен үйлер құрылыс материалдарының мықтысы әрі үнемдісі болып есептелетін гипс плиталарынан қаланды. Мұндай материалдар 1944 жылы Гурьев қаласының маңынан салынған арнайы гипс плиталарын шығаратын заводтан әкелініп отырды. Бүгінгі таңда бұл ғимараттар мен үйлердің көпшілік бөлігі сол қалпында өзгерместен сақталынған. 1983 жылдан бастап қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп отыр. Қазіргі таңда «Мұнайшылар» тұрғын үй қалашығы XX ғасырдың үздік сәулеттік құндылығы ретінде республикалық деңгейде мемлекет қорғауына алынған.



Дүйсеке ата мешіті



Орналасқан жері: Атырау облысы, Құлсары кенті тұсындағы қазіргі көпірдің батыс бетінде өзен бойындағы биіктікте орналасқан.

Зерттелуі: 1940 жылы М.Мендіғұлов

Қысқаша анықтамасы: XIX ғасырдың соңғы 10 жылында салынған. Мешіт төртбұрышты келген, оңтүстік жағында жалғастыра салған бөлме бар. Құрылыс материалы – саман тас кірпіш пен күйдірілген қыш кірпіш, сондай-ақ қарағай бөренелер. Мешіттің 6 күмбезі, ішінде 2 тіреуі бар. Мешіттің ұзындығы 26,10 м, ені 10,20 м. Ғимараттың биіктігі 4,8 м.

Сондай-ақ мешіттің 6 терезесі, 2 есігі бар. Мешіттің шығыс жағынан 10 метр жерде Дүйсеке Дәндікүлұлының қабірі бар. Қабір үсті тасына ешқандай ескерткіш белгі қойылмаған. 1957 жылы бұл жерге темір плита орнатылды.

Жұбан мазары





Орналасқан жері: Атырау облысы Жылыой ауданы Құлсары қаласынан солтүстікке қарай 90 шақырым жерде биік төбенің үстінде орналасқан

Зерттелуі: Ескерткішті алғашқы рет 1973 жылы В. И. Ленин атындағы ҚазПТИ архитектуралық экспедициясы, 1979 жылы

Т. Джанысбеков бастаған экспедиция зерттеулер жүргізді.

Қысқаша анықтама: Кесененің жалпы биіктігі – 9,95 м. Шебер өз есімін кесененің солтүстік қабырғасының ішкі бөлімінде жазуды қалдырып, мәңгі есте сақтады, сонда оның аты мен жұмысы үшін қанша төлегені көрсетілген. Сол кездегі өлшемдер бойынша төлемақы өте бағалы болды – 20 мың сом, 10 жылқы, 122 қой, пұд шай мен 15 пұд қант. 1985 Жұбан кесенесін атыраулық мамандар қайта салды.



Махамбет Өтемісұлы кесенесі



Тарихы: Қазақтың көрнекті, ақыны, Қазақстанның батыс аймағындағы халық көтерілісінің жалынды жыршысы, көтеріліс қолбасшысы Исатай батырдың қандыкөйлек жолдасы болған — Махамбет Өтемісұлының жерленген жері — Атырау облысы, Индер ауданы, Индер поселкесінен оңтүстік-шығысқа қарай 40 шақырым жердегі Қараой деген жерде орналасқан. 1995 жылы (құрылыс жұмыстары 1992 жылы 19-қарашада басталды) Махамбет Өтемісұлының 190 жылдығына арнап, сәулетші Көпбол Демесіннің жобасымен (жобаға 950 000 теңге қаражат жұмсалды), батырдың жерленген жерінде кесене тұрғызылды. Құрылыс материалдары ретінде ұлутас және бетон қолданылды. Он екі қырлы болып келетін мазардың сыртқы бөлігінің диаметрі 7,6 метр, ал ішкі диаметрі 6,2 метр, биіктігі 12,2 (күмбезінің биіктігі 1,8 м., қабырғасының биіктігі 6,4 м.) метр. Ішкі бөлігінің қабырғаларына «теңсіздікке, әділесіздікке қарсы Исатай бастаған халық қозғалысының жаршысы, жалынды жырды ту етіп ұстаған қаһарман, ақын, ардагер азамат Өтемісұлы Махамбетке» деген ұрпақ сөзі және, ақынның 11 шумақ өлеңі тасқа қашалып жазылған.





Зерттелуі: Алғаш рет ескерткішті 50-жылдары, ақын Берхаир Аманшин, 1980 жылы мәдениет Министрлігінің Орал экспедициясы зерттеді.

Қазіргі күндегі жағдайы: Махамбет Өтемісұлының мазары мемлекет қорғауындағы ескерткіштердің Республикалық дәрежесінде қорғалған.

Қорытынды

Ескерткіштердің барлығыда қазіргі күнде мемлекеттің қорғауына алынып, қайта өңдеу жұмыстарынан өткізілді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өткен жылы жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында көтерілген мәселелер негізінде, 2017 жылдың мамыр айында Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен елордадағы Ұлттық музейдің жанынан «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы құрылған болатын. Мұндағы мақсат – еліміздегі қасиетті тарихи орындарды анықтап, оларды ұлттық-идеологиялық деңгейге көтеру. Осы орайда, «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы құрылды. Осы жобаға Атырау облысынан да бірнеше тарихы ескерткіштер орын алды.

Сөзімді қорытындылай келе жоғарыда аты аталған ескерткіштер қазақ тарихы үшін ең маңызды болған материалдық деректердің жинағы. Ал өз елінің әр бір азаматы осы орындарды қорғап, зерттеп, үйреніп, болашақ ұрпаққа аманат етіп қалдыруымыз керек.

**Назар салғандарыңыз
үшін рахмет!!!**